

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
МУҒАЛЖАР АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
«ЕМБІ ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕП
ЖАНЫНДАҒЫ ИНТЕРНАТЫ БАР
№7 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА
МЕКТЕБІ» КММ
БҰЙРЫҚ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КТУ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА №7 С ПРИШКОЛЬНЫМ
ИНТЕРНАТОМ ГОРОДА ЭМБА»
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
МУГАЛЖАРСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
ПРИКАЗ

031300, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы, Әйтеке би көшесі 21, ф 22-1-45; тел:22-6-45; e mail:mushkata7sh
031300, Мугалжарский район, город Эмба, ул.Айтеке би 21, ф 22-1-45; тел: 22-6-45; e-mail:mushkata7sh

«31» тамыз 2023 жыл

№ 34/3

2023-2024 оқу жылының ұйымдасқан түрде басталуы туралы

ҚР ОАМ 31.08.2023 жылғы № 3935 бұйрығының, Мектеп жарғысының, Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің, 31.08.2023 ж №1 педагогикалық кеңес шешімінің негізінде және кәсіподақ комитетінің келісімімен оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Жаңа 2023-2024 оқу жылын 2023 жылғы 1-қыркүйектен ұйымдасқан түрде бастауды;
2. 1-ші сыныптарда оқу жүктемесі -33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда -34 оқу аптасын құрайды.
3. 1-11 сыныптарға мынадай каникул мерзімдері белгіленсін:
күзгі-7 күн (2023ж.30 қазаннан 5 қарашасын қоса алғанда)
қысқы -10 күн (2023 ж.29 желтоқсаннан 7 қаңтарды қоса алғанда)
көктемгі -11 күн (2024 ж.21 наурызынан 31 наурызды қоса алғанда)
1-ші сыныптарға қосымша 7 күн каникул енгізілсін (2024ж.5 ақпаннан 11 ақпанды қоса алғанда)
4 оқу тоқсаны – сегіз апта
4. 2023ж 1 қыркүйекте «Мектебім-мейірім мекені» ұлттық құндылық аясында салатанатты жиын өткізілсін.
5. Бекітілсін:
 - 5.1. ШО, МАД және 1-11-ші сынып оқушыларына арналған 5 күндік жұмыс аптасы;
 - 5.2. ШО және МАД білім алушыларының ҰОӘ кестесі; 1 сыныптар үшін сабақ кестесі;
 - 5.3. Сабақ ұзақтығы -45 минуттан;
 - 5.4. Қоңырау кестесі;

I ауысым

- 1 сабақ-08.00-08.45
- 2 сабақ- 08.50-09.35
- 3 сабақ- 09.45-10.30
- 4 сабақ-10.40-11.25
- 5 сабақ-11.30-12.15
- 6 сабақ-12.20-13.05
- 7 сабақ-13.10-13.55

II ауысым

- 1 сабақ -14.15-15.00
- 2 сабақ- 15.05-15.40
- 3 сабақ-15.50-16.35
- 4 сабақ-16.45-17.30
- 5 сабақ-17.35-18.20
- 6 сабақ-18.25-19.10
- 7 сабақ-19.15-20.00

5.5. Жұмыстық оқу жоспарының вариативтік бөлшегіндегі сабақтар II ауысымда жүргізілсін.

II ауысым

- 2 сабақ- 15.05-15.40
- 3 сабақ-15.50-16.35

5.6. Сабақ ауысымдары бойынша бөлу төмендегідей жүзеге асырылсын.

I-ші ауысым:1 «А»,1 «Б»,4 «А», 4 «Ә»,4 «Б»,8 «А», 8 «Ә»,8 «Б»,9 «А», 9 «Б»,10 «А»,10 «Б»,11 «А», 11«б»

II-ші ауысым:2 «А»,2 «Б»,3 «А»,3 «Б»,5 «А»,5 «Б»,6 «А», 6 «Б»,7 «А»,7 «Б»

5.7. Директор орынбасарларының кезекші әкімгер ретінде мектепте кезекшілік ету кестесі.

Кезекшілік ету уақыты:I ауысым-07.30-13.50/II ауысым-14.00-20.00

Кезекші әкімгердің міндетін орындауда Мектептің жарғысына сәйкес мектептің регламенттеу құжаттарын басшылыққа алу керек. Мектеп оқушылары мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғауға,ішкі тәртіп ережелерін сақтауға мектеп қызметкерлерінің жұмыс қызметін тіркеуге,олардың лауазымдық қызметтерін орындалуына,оқушылардың сабаққа 100 % қатысуына,олардың үзілісте тәртіп ережелерін сақтауына,мектеп оқушыларының тамақтануын бақылауға,энергия ресурстарының үнемді жұмсалуын бақылауға баса назар аудару керек.

5.8. Жаңа оқу жылына арналған штат кестесі мен оқу жүктемесі бекітілсін.

5.9. Жылдық күнтізбелік оқу кестесі бекітілсін.

6. Оқу жылының басы 1 қыркүйекке дейін директордың орынбасарлары:

6.1. Педагогикалық және санитарлық гигиеналық талаптарды сақтай,оқу кабинеттерінің мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу жұмыс жоспарын дайындасын,бес күндік оқу аптасының аясында сабақ кестесін құрастыру жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес сабақтар кестесін құрастырсын және ҚР Оқу-ағарту министрлігі бұйрықтарын басшылыққа алып, оны мектептің Қамқоршылық кеңесімен және ата-аналар комитетімен мақұлдасын.

6.2. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын іске асыру мақсатында ӘБ отырысында оқу жұмыс

жоспарының мектептік компонентінің барлық оқу бағдарламалары бекітілсін.

- 6.3. ОЖСБ, олимпиадаларға дайындық бойынша оқушыларға жеке және топтық кеңес берулер кестесі құрастырылсын.
- 6.4. Барлық педагогтар «2023-2024 оқу жылы ҚР оқу процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік-нұсқау хатты басшылыққа алсын, мектеп қызметкерлерінің атқарымдық міндеттеріне сәйкес жаңа оқу жылын ұйымдастыру бойынша жергілікті актілердің жобаларын дайындасын.
7. Директордың немесе кезекші әкімгердің келісімінсіз мектепте фотографтардың мұғалімдердің қызметіне араласуға, мұғалімдердің репетиторлықпен айналысуына тиым салынады.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Р.Ж.Байтановаға, Г.Б.Боранбаеваға жүктелсін.

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар

№7 ЖББ орта мектебінің директоры



А.Ж.Достанова